

Бекітімін: *Дархан*  
№ 72 «Жанарым» балабақшасының  
меншерушісі Э.Әділбайқызы  
«31» 08 2022 ж

**Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК  
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидаларын бекіту туралы  
жалпы ережелері**

(Казақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қантардағы № 6  
бұйрығы негізінде)

1. Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК  
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

2.1. білім алу үшін арнаулы жағдайлар – ерекше білім беруді қажет ететін  
адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз  
білім беру бағдарламаларын меншеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ  
арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін,  
техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын,  
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, медициналық, әлеуметтік және өзге  
де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

2.2. ерекше білім беруді қажет ететін адамдар (балалар) – тиісті деңгейде  
білім алу және қосымша білім алу үшін арнаулы жағдайларға тұрақты немесе  
уақытша қажеттілік көріп жүрген адамдар (балалар);

2.3. ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау – білім алу үшін қажетті  
арнаулы жағдайларды айқындау;

2.4. психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу – білім беру ұғымдарында  
іске асырылатын, процесінде ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау  
негізінде ерекше білім беруді қажет ететін адамдарды (балаларды) ойдағыдай  
оқыту және дамыту үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық  
жағдайлар жасалатын жүйелі-ұйымдастырылған қызмет.

3. Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК  
психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу тәртібі

3.1. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге:

1) тәрбиеленушінің/білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін  
анықтауды және бағалауды;

2) ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен  
тәрбиеленушінің/білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек  
көрсетуді;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасауды қамтиды.

#### 4. Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу:

4.1. мінез-құлық және эмоционалдық проблемалары, қолайсыз психологиялық факторлары (отбасындағы тәрбиенің бұзылуы, бала-ата-ана және отбасы ішлік қарым-қатынастар) бар;

4.2. әлеуметтік-психологиялық, экономикалық, лингвистикалық мәдени сипаттағы кедергілері (әлеуметтік қауіпті отбасы балаларының педагогикалық немқұрайлылығы, жергілікті қоғамға бейімделуде қындықтарға тап болған балалар (босқындар, мигранттар, кандастар және т.б. отбасылар) бар;

4.3. даму мүмкіндіктері шектеулі (есту, көру, интеллект, сөйлеу, тірек-қымыл аппараты, психикалық дамуы тежелген және эмоционалдық-еріктік бұзылыстар) адамдардың (балалардың) білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде жүзеге асырылады.

5. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау және психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК) ұсынымдарының негізінде мүмкіндігі шектеулі балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу оку қызметі барысында тәрбиешілер сондай-ақ арнайы педагогтер, психологтар, әлеуметтік педагогтер, топтық іс-шараларды ұйымдастыру негізінде жүзеге асырады.

6. Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК ұйымдарында психологиялық-педагогикалық сүйемелдеп отыруды қамтамасыз ету:

Бірінші кезең:

Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК басшысы психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы ережені шығарады және бекітеді, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жөніндегі мамандардың құрамы мен міндеттерін бекітеді, педагогтер мен мамандардың кәсіби өсуі үшін әнарашылық негізіне жағдай жасайды.

Астана қаласы әкімдігінің №72 «Жанарым» балабақшасы МКҚК әдіскері тәрбиеленушілердің қажеттіліктерін бағалау процесін ұйымдастырады, білім беру қажеттіліктерін бағалау кезеңінде және тәрбиеленушілерді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесінде тәрбиешілер, мамандар және ата-аналардың өзара іс-қымылын реттейді, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді жүзеге асыратын мамандардың құжаттамасын жинау мен қалыптастыруды бақылау.

Білім беру ұйымының тәрбиешілері тәрбиеленушілердің оку бағдарламаларын менгеруінде қындықтарды анықтау мақсатында оку жетістіктерін бақылайды, кәсіптік этиканы және ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) жеке ерекшеліктеріне байланысты

құпиялышты сақтайды, қажет болған жағдайда білім беру үйымның психологиярынан, әлеуметтік педагогтерден немесе арнайы педагогтерден кеңес алады.

Екінші кезең:

Білім беру қажеттіліктерін бағалау немесе ПМПК ұсынымы негізінде білім беру үйымының басшысы ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жеке бағдарламаларын, оның ішінде жеке оқу жоспарларын, жеке/бейімделген білім беру бағдарламаларын, мамандардың жеке дамыту бағдарламаларын, ерекше қажеттіліктері бар адамадардың (балалардың) тізімін бекітеді.

Білім беру үйымы басшысының орынбасарлары психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу процесін үйимдастырады және бақылайды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу жеке бағдарламасын жасауға, қолдан отырудың нәтижелерін, тәрбиеленушінің даму динамикасын, оқушының жетістіктерін талқылауда қатысады, мүмкіндігі шектеулі оқушыларды/білім алушыларды сабактан тыс және бос уақытындағы іс-шараларға қосады, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) жеке қолдау процесінің тиімділігін арттыру мақсатында білім беру үйымында педагог-ассистенттерді ротациялауды жүзеге асырады.

7. Кіші топтық (2-4 бала), топтық (6-8 бала) сабактарын өткізу үшін арнайы педагогтер жеке өзірленетін бағдарламалардың жалпы мазмұны принципі бойынша ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдардың (балалардың) біріктіреді. Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін аптасына жеке, топтық, топтық сабактардың саны олардың жеке қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып белгіленеді.

8. Мінез-құлық бұзылыстары бар 4-6 бала болған жағдайда сабактар қазіргі заманғы әдістерді, технологияларды және әдістерді (оның ішінде мінез-құлықты қолданбалы талдау принциптеріне негізделген) пайдалана отырып, қын мінез-құлықтан өтуге бағытталған арнайы жабдықталған кабинетте (кабинетте) өткізіледі.

9. Жеке, топтық, топтық сабактарды өткізу үшін мамандар кабинеттері құрал-жабдықтармен және оқу-дидактикалық материалдармен жабдықталады.

10. Балаға қажетті психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің көлемі мен мазмұны оқу жылы ішінде бірнеше рет жүргізілетін арнайы білім беру қажеттіліктерін бағалауға сәйкес келеді.

11. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды (балаларды) психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу, оның ішінде білім беру қажеттіліктерін психологиялық-педагогикалық бағалау ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен келесі жылдың 25 мамырына дейін жүзеге асырылады.